

ЧЕКЕТАЕВА РОЗА САРКЫТБЕККЫЗЫ

**Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің қызметі мен кәсіби мұрасы:
тарихи талдау**

07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Астана, 2010

Жұмыс Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және шет елдер тарихы кафедрасында орындалды.

Ғылыми жетекші:	тарих ғылымдарының докторы, профессор З.О. Дүкенбаева
Ресми оппоненттер:	тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Мадуан тарих ғылымдарының кандидаты Т.С. Қаленова
Жетекші ұйым:	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Диссертация 2010 жылы «__» желтоқсанда сағат 10.00 - де Мемлекет тарихы институты жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 53.33.02 диссертациялық кеңесінің мәжілісінде қорғалады.

Мекен жайы: 010000, Астана қаласы, Солжағалау, Орынбор көшесі, 8 үй, Министрліктер Үйі, 14 кіреберіс, № 1102 Мәжіліс залы.

Диссертациямен Мемлекет тарих институтының кітапханасында танысуға болады.

Мекен жайы: 010000, Астана қаласы, Солжағалау, Орынбор көшесі, 8 үй, Министрліктер Үйі, 14 кіреберіс.

Автореферат 2010 жылы «__» қарашада таратылды.

Біріккен Диссертациялық
кеңестің ғалым хатшысы,
тарих ғылымдарының докторы

Ж.Ү. Қыдыралина

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. КСРО Халық мұғалімі Қ.Н. Нұрғалиевтің 1925-1988 жылдар аралығындағы өмір жолы, қызметі мен кәсіби мұрасы талдауға алынды.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы», - деген пікірін мемлекеттікті гуманистік, демократиялық, құндылық ретінде бағалау деп қабылдауға болады. Осындай қажеттілік - Қазақстан тарихының кейбір күрделі кезеңдерін толық зерттеп, қалыптасқан көзқарастарды өзгертіп, қайта қарастыру - заңды құбылыстарға айналуда. Төл тарихымыздың қай кезеңін алып қарасақ та, зиялы атанған тұлға, халқына қызмет еткен оқығандар, интеллигенцияның таңдаулы өкілдері ұлттық элита қатарына кіреді. Оның себебі, халқымыз рухани жан-дүниесі бай адамдарды дәулетті адамнан жоғары санап, құрметтеп келді. Осы тұрғыда, қазақ халқының тарихында із қалдырған зиялылардың ғұмырнамасын жасау, көзқарастарын тарихи негізде зерделеу басты қажеттілік болып саналады.

XXI ғасыр басындағы Қазақ елінің алдындағы абыройлы мақсаттың үлкені – рухани және материалдық мәдениетімізді дамыту арқылы қоғамымызды, Қазақстан мемлекетін ілгері жылжыту болып табылады. Осы биік мақсаттан мәдениеттің субъектісі, авторы, жасаушысы ұлттық шығармашылық интеллигенцияға айрықша көңіл бөлу қажеттігі келіп туындайды. Өркениетті елдерде өздерінің көрнекті оқығандарын, ғалымдарын, қалам және қылқалам шеберлерін, бір сөзбен айтқанда, мәдениет қайраткерлерін қадірлеп, оларды материалдық және моральдық жағынан қолдаудың бай дәстүрі қалыптасқан. Сондай игілікті де ізгілікті дәстүрлер Қазақстанда да қалыптасып, берік орнығуына бағытталған шаралар қабылдануы қажет.

Халықтың рухани азығы - мәдени туындыларды, қоғамдағы тұлғаларды туындатушы – ұстаз. Солардың таңдаулы өкілдерінің бірі – КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев. Осынау ұстаздың халқы үшін сіңірген еңбегін «Нұрғалиевтер педагогикалық әулеті» деп Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы да ерекше бағалады [1]. 2005 жылы қазан айында аты көзі тірісінде аңызға айналған КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің 80 жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Астанада өткен мұғалімдердің республикалық құрылтайына Нұрғалиевтер әулетінен үлкені бар, кішісі бар 21 ұстаз қатысты. Олардың көшбасшысы Құмаш Нұрғалиевтің жан серігі, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері Қанипа Әйкенқызы болды. Үлкен жиыннан кейін Нұрғалиевтер әулетінен барған 21 ұстазды Президентіміз Н.Ә. Назарбаев қабылдады. Мұндай династиялық құрметке бұрын-соңды, тіпті кеңестік дәуірде де ешбір ұрпақ бөленбегенін ескерсек, бұл әйгілі ұстаздың рухының асқақтығы, беделінің бүгінде де жоғарылығы деп түсінген жөн.

Жаңа тәуелсіздік заманасында біз қазақ зиялыларының бейнелерін жасап, тарихтағы өз орнын анықтап, тұғырына қондырамыз десек Қ. Нұрғалиев сынды тұлғалардың тарихтағы орынын анықтауымыз керек. Оның тарихи тұлға екеніне

күмәніміз жоқ. Отандық тарихтағы көрнекті тарихшы М. Қозыбаев былай дейді: «Тұлға – ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырумен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан» [2]. Тарихшы Х.М. Әбжанов: «Тұлға дегеніміз – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен немесе шешу жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект» [3] - деп анықтама береді. Осы қасиеттердің барлығы Құмаш Нұрғалиевтің бойынан табылған.

Ұзақ жылдар бойы Құмаш Нұрғалиев сынды азаматты тек бір қырынан ғана танып келдік, оның өмірі мен қызметі, оның кәсіби мұрасы, мектеп білімін дамытуға қосқан үлесі тарихи тұрғыдан өзіндік бағасын ала алмады. Осы тұрғыдан алғанда тақырып өзекті әрі ауқымды.

Бұл тақырыпты жан-жақты және терең зерттеу ең алдымен бүгінгі қоғамдық практика сұранысынан туындайды. Қ. Нұрғалиевтің өмірінің, кәсіби мұрасының ашылмаған қырларын тану өткен тарихтан қорытынды жасап, бүгінгі өмірде ұтымды пайдалану ғана емес, ертеңгі ұрпаққа дұрыс жол сілтеу үшін қажет.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің өмірі мен қызметін, кәсіби мұрасын зерттеу, талдау, оған тарихи тұрғыдан баға беру зерттеушіден үлкен ізденімпаздықты талап етеді. Себебі, Қ. Нұрғалиевтің өмір белестері мен кәсіби шығармашылық мұрасы Отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылмай келеді. Оның өмірі, ұстаздық-басшылық, қоғамдық қызметі көптеген мақалалар мен жанұялық мұрағат деректері негізінде ғана қарастырылған.

Академик М.Қ. Қозыбаев «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық» дегендей, осы тұста қазақ зиялыларының арасында Қ. Нұрғалиевтің көзқарастары мен кәсіби шығармашылық мұрасының орны бір төбе

Мәселенің кейбір қырлары әртүрлі әдебиеттерде, баспасөз беттерінде кездескенімен, мақсатты түрде зерттеу объектісі ретінде осы күнге дейін қолға алынбай келеді. Жалпы бұл тақырыпты ауыл мектебі тарихынан бөле-жара қарауға болмайды. Тұтастай алғанда ауыл мектебінің тарихы, даму үрдістері, тапқаны мен жоғалтқаны, мектеп білімін дамытуға қосқандар жайлы ғылыми әдебиетте, оның ішінде тарих ғылымында арнайы зерттелмей көлеңкеде көбірек қалған тақырыптардың бірі. Қазақстандағы Кеңестік кезеңдегі мектептер тарихы Ә.І. Сембаевтың монографиясында, қазақ мектептерінің даму тарихы мен тағылымы Л. Джумалиеваның кандидаттық диссертациясында қарастырылған [4]. Білім берудегі ауыл-село мектептерінің қызметі, мәдени ықпалы тарихшы ғалымдар Х. Әбжановтың, Ә. Құдайбергеновтың, О. Керімбековтың [5] еңбектерінде дәйектелген.

Қазақстанның мектеп тарихында Қ. Нұрғалиев басқарған Боран орта мектебінің өзіндік үлесі бар. Баспасөз беттерінде Құмаш Нұрғалиевке қатысты алғашқы деректер XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жарық көре бастап,

бүгінгі күнде де жазылуда. Оған қатысты кезеңдік басылымдарда 100-ден астам мақала жарияланды.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1948 жылдың 25-шілдесіндегі басылымында Ж. Жұмақановтың «Өлімнен махаббат күшті» мақаласында Қ. Нұрғалиевтің рухани ерлігін алғаш рет халыққа танытқан, майдан жолындағы және бейбіт өмірдегі ерліктері, отбасы жайлы жазылған [6]. Осыдан кейін Ұлы Отан соғысына қатысқан, І-топтағы мүгедек, жанашыл ұстаз жайында облыстық, республикалық, орталық баспасөз беттерінде әр сипаттағы мақалалар, суреттемелер, очерктер жарық көре бастайды. «Красная звезда» газетінде К. Хромованың [7], «Наука и религия» журналында А. Розановтың [8], «Казахстанская правда» газетінде С. Әмірхановтың [9], «Социалистік Қазақстан» газетінде М. Әбуғалиевтің [10] және К.Зәкеновтың қаламдарынан шыққан мақалаларда оның қызметі және оны ауыл мектебінің ұйтқысы ретінде көрсетті. «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісі М. Мергеновтың «Жалақорлар және принципсіз басшылар» деген сын мақаласы осы газет бетінде жарияланды [11], газетте Қ. Нұрғалиевті жазықсыз жазалаған басшылықтың іс-әрекеті баяндалды.

Д.А. Қонаевтың 1980 жылы шыққан «Советский Казахстан» еңбегінде «Бұл ғажап адамның өзінің өмірі-ерлік, шәкірттерді рухани адамгершілікке тәрбиелеуге, олардың азаматтық сапасын, саяси санасын қалыптастыруда ғибаратты өнеге болып табылады» [12] - деп оның бала тәрбиесіндегі орының жоғары бағалаған еді.

Мәселенің кейбір қырлары С.А. Назарбаеваның «Путь к себе» еңбегінде дәйектелген. Автор оның еліне сіңірген қызметін атап өткен. Онда: «В небольшом селе, далеко от больших городов и дорог, он создал модель духовного и разумного мира детства» [13] - дейді. Құмаш Нұрғалиевтің идеяларын кеңестік ғалым-педагог В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық іс-тәжірибесіне ұқсатады және де оның ұлттық мәдениетке көп көңіл бөлгенін баяндай отырып, Қ. Нұрғалиевтің іс-тәжірибесінің мәні мен маңыздылығын жоғары бағалады.

Негізінен, бірқатар мақалаларда Қ. Нұрғалиевтің тұлға ретінде қалыптасу тарихы жөнінде қоғамдық-саяси, коммунистік ойдың дамуы және басқа да сауалдарға жауап іздей отырып, алға қойған мақсаттарға жету көзделді. К. Зәкеновтың «Құштарлық пен қайсарлық», О. Сатыбалдиннің «Құмаштың мектебі», Б. Викторовтың «Учитель 80-х» мақалаларында Қ. Нұрғалиевтің жеке тұлға болып қалыптасуы, саяси көзқарасының пайда болуы, қоғамдық өмірдің алдыңғы қатарында жүруі, мектеп директоры лауазымында отыруы дәйектелген. В. Садовникованың «Өнегелі ортадағы өрелі істер» атты мақаласында Қ. Нұрғалиев басшылық еткен Марқакөл ауданы Боран орта мектебінің іс-тәжірибесі, материалдық-техникалық базасы, оқу-тәрбие үрдісі жөнінде мәліметтер алуға болады.

М. Әлімбаев «Ардақтымыз атаусыз қалмасын» мақаласында Қ. Нұрғалиевті «оны қазақтың Макаренкосы деуші еді, жоқ Құмаш одан өзгеше, құр идеяның ғана қамқоршысы емес, қазақы ой-сананың, ұлттық дәстүр мен имандылықтың қорғаны, халықтың болашағы үшін қам жеген тұлға» - деп, оның елі үшін

атқарған еңбегін әділ бағалаған. Жалпы М. Әлімбаев Қ. Нұрғалиевке өзінің бірнеше мақаласын арнаған, сонымен қатар көп томдық шығармалар жинағының 2-ші томында «Құмашқа хат», 5-ші томында «Құмаштың мектебі» деген очерктерінде оның ұстаздық қызметке келген кезінен бастап, жүріп өткен жарқын жолына тоқтала келіп, ұлттық руханиятқа қосқан үлесін, идеяларының маңыздылығын айқындаған [14].

Құмаш Нұрғалиевтің дарынды ұстаз, жаңашыл педагог ретінде орны ерекше. Бұл туралы «Советский энциклопедический словарь», «Казахская ССР. Краткая энциклопедия» Т. 3, «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» жазылған [15].

М. Ғабдуллиннің «Алтын жұлдыз» жинағында оның Қ. Нұрғалиевке жазған хаты баяндалады, «кеше майдан ері едің, бүгін еңбек ері болғаныңа мақтанамын» [16] - деп, оның жеткен белестерін, еңбектегі табыстарын объективті түрде көрсеткен, білім беру саласындағы еңбектерінің мәні мен маңыздылығын жоғары бағалап, дәйектеген.

М. Әбуғалиевтің «Өлімді жеңген өмір», М. Шегендіковтың «Құмаштың мектебі» [17] атты деректі әңгімелерде оның өмір жолын, тұлға ретінде қалыптасуын, ұстаздығын саралаған. Олар Қ. Нұрғалиевті бір жақты мұғалім ретінде қарастырып, оның мектеп білімін дамытуға қосқан үлесіне, кәсіби мұрасына кешенді талдау жасамаған және тұлғаның қалыптасуында компартияның рөлін асыра бағалаған.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін Қ. Нұрғалиевтің атқарған қызметіне сыни көзбен қарап әділ баға берген ғалымдар: Ж. Макатова, Г. Бельгер, Б.М. Калназаров, С.И. Калиев, Г.А. Уманов, Г. Қайырбеков, Р. Нұртазина, Н.А. Завалко тағы басқалар.

Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі 1995 жылы шыққан «Қазақстан педагогикалық ақыл-ойының Антологиясында» бейнеленеді. 1998 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы» 2-ші томында оның аты алтын әріппен жазылуы артында мәңгі өлмес мұра қалдырғандығының айғағы. Сонымен қатар 2009 жылы басылған «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» 6-томында ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихы берілген [18]. 1920-2000 жылдар аралығында туған халқына мектеп, оқу-ағарту саласында аянбай еңбек еткен, жүрегі халқым деп соққан, тіпті сол үшін шыбын жанын да құрбан еткен, бүгінде арамызда жоқ зиялыларымыздың ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық мәдениетті насихаттауға арналған еңбектерінің іріктелген үзінділері енгізілді [18, 17 б]. Бұл кітапта Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Шоқай, Е. Бекмаханов, М. Әуезов, Ә. Сембаев сияқты тұғырлы тұлғалармен Қ. Нұрғалиевтің қатар тұруы оның тарихи орнын көрсетеді. Онда Қ. Нұрғалиевтің өмірбаянына және оның еңбектеріне тоқталған.

Сонымен қатар Қ. Нұрғалиевтің мектебі диссертациялық еңбектің объектісіне айналған. Мәселенің кейбір қырлары Б. Кульчимбаеваның «Развитие педагогических идей в новаторской деятельности народного учителя СССР Кумаша Нурғалиева» [19] атты педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациясында қарастырылған.

Ал, У. Тоқпатаевтың «Менің замандастарым», О. Елубайдың «Алтайым, алтын тамырым» [20] шығармаларында Қ. Нұрғалиевтің қызметі, ол туралы естеліктер жайлы қалам сілтелген, Қазақстанның білім беру саласына, мектеп білімін дамытуға қосқан үлесі кешенді ашылып көрсетілмеген.

Осы уақытқа дейін басылып шығып жатқан басылымдардың ішінде Қ. Нұрғалиев жайлы кешенді жазылған құнды еңбек «Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев. Педагогикалық әулет» деп аталған тарихи-педагогикалық естелік кітап. Онда оның ұлт рухын көтерген ерен еңбегі, адами тұлғасы, биік парасаты жайлы ұстазбен бірге қызмет атқарған әріптестерінің, жақын араласқан достарының, замандастарының, шәкірттерінің шын жүректен шыққан естелік әңгімелері, ой-пікірлері, жылы лебіздері және Қ. Нұрғалиевтің өмірбаяны, ол жайлы жазылған мәліметтер топтастырылған. Кітаптың алғашқы беттерінің бірінен: «Мектеп директоры, педагогикалық жетекші, білгір ұйымдастырушы ретінде Құмаш Нұрғалиұлы өз заманынан озық тұрғанын көреміз», - деген бұрынғы ҚР Білім және ғылым министрі Б. Айтымованың пікірін көреміз [21].

Белгілі сыншы Г. Бельгер жоғарыдағы кітап жөнінде «мазмұны мен көркемдігі жағынан құнды» деп өте жақсы пікір білдірді. Ол «Поклон Устазу» [22] деген мақаласында Қ. Нұрғалиевтің бүкіл ғұмырын көзсіз ерлікке бағалайды.

Ж. Макатова «Повесть о настоящем учителе», «Сага об учителе» [23] атты мақалаларында Қ. Нұрғалиевтің тұлғасына әділ түрде баға бере отырып, автор оның еліне, халқына сіңірген қызметіне терең тарихи талдау жасаған.

Ө. Меңдеке «Жас Алаш» газетіне Қ. Нұрғалиев жайлы сын мақала жариялады [24]. Өз мақаласында Халық мұғалімін екінші бір қырынан көрсетуге тырысқан. Бірақ, бұл мақала ешқандай тарихи дерек көзіне сүйенбей жазылған.

С.С. Қалиев «Өскеменнің әрі Мересьеві, әрі Сухомлинскийі» атты мақаласында «Қ. Нұрғалиев басқарған мектеп ұжымы үнемі жаңалықтың жаршысы бола білді. Мектеп Республикада бірінші болып компьютерлік, кабинеттік жүйеге осыдан 25 жылдай бұрын көшті. Ол басқарған мектеп озат тәжірибенің лабораториясы» [25] деп атап көрсетті.

Әдебиеттер тізіміне талдау жасау барысында зерттеу тақырыбымызға сәйкес тарихнамалық айналымда Қ. Нұрғалиевтің мектеп білімін дамытуға қосқан үлесі, оның қызметі мен кәсіби мұрасы әлі де болса мақалалар төңірегінде ғана шектелгеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар, біз қарастырып отырған мәселенің ғылыми әдебиеттерде баяндалу тарихына жасалған шолу тақырыптың арнайы зерттеу объектісі болмағандығын аңғартады.

Зерттеу нысаны 1946-1988 жылдардағы Қазақстан мектебі мен мұғалімдерінің тағдыры.

Зерттеу пәні КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің өмір жолы, қызметі мен кәсіби мұрасы ғылыми тұрғыдан талданып, қазіргі тарих ғылымы талаптарына сай зерттелуі болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің басты мақсаты - Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің қызметі мен кәсіби мұрасына тарихи талдау жасау және педагогикалық іс-тәжірибесін, дүниетанымын, өмірлік ұстанымын

тұтас бірлікте, нақты тарихи деректер негізінде тарих ғылымы тұрғысынан зерделеу.

Осы аталған мақсаттан төмендегі міндеттер туындайды:

- тақырыпқа қатысты тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу, тарихнама мәселесін жүйелілеп бір ізге салу, ғылыми тұрғыдан талдау;
- бүгінгі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, тақырыптың ең түйінді, өзекті мәселелеріне жалпы адамзаттық тұрғыдан өз пікірімізді білдіру;
- Қ. Нұрғалиевтің мектеп білімін дамытудағы жаңа қырларын таңып-білуге септігін тигізетін, бұрын жарық көрмеген деректер кешенін ғылыми айналымға енгізу;
- қайраткердің бастапқы өмір жолын қарастырудың барысында Қ. Нұрғалиевтің өмірдегі көзқарасының қалыптасуының негіздері мен оның қоғам қайраткері ретінде өсу жолдарын тарихи тұрғыда талдау;
- Қ. Нұрғалиевтің мектеп басқарған жылдардағы атқарған қызметін республикамыздың сол кездегі халыққа білім беру ісінің дамуымен тығыз байланысты қарастырып, оның өзіндік ұстанымы бар, білім беру жүйесінің мектеп құрылысының даму бағыты жайлы балама жол ұсына алған тұлғалардың бірі болғандығын дәлелдеу;
- оның ұстаздық қызметі мен педагогикалық кәсіби мұраларын тарихи тұрғыдан кешенді зерттеу және халқына атқарған қызметін объективті ашып көрсетуге ұмтылыс жасау;
- Қ. Нұрғалиевтің білім беру метадологиясын өзгерту туралы көзқарастары және орта мектепті ақпараттандыру тәжірибелерінің оң нәтижелері болғандығын дәйектеу.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Диссертацияда негізгі деректер Қазақстандағы республикалық, облыстық, аудандық мұрағаттар, кітапханалар мен мұражайлардан алынған құжаттар мен материалдардан, мерзімді баспасөз мәліметтерінен, естеліктерден алынды. Сонымен қатар Қ. Нұрғалиевтің жарияланған мақалалары және әлі жарияланбаған қол жазбалары дерек көзі ретінде пайдаланылды.

Мұрағаттарда бар құжаттар Қ. Нұрғалиевтің күрделі де қайшылығы мол өмір жолынан өткенін куәландырады. Бұл тақырыпты зерттеуде Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының 1510, 1692 қорларында Құмаш Нұрғалиевті «Құрметтің алтын кітабына» ұсынған құжаттар, оның мектебінің КСРО Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесіне қатысқаны, облыстық білім жетілдіру институттарының алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерді таратуы жайлы құжаттар тіркелген.

Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағатының (ШҚОММ) 29; 63; 176-қорларынан алынған құжаттар ғылыми айналымға тартылды. ШҚОММ қорларында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Марқакөлдіктердің майданға көмегі жайлы және ол қызмет еткен Боран орта мектебіне қатысты құжаттар құнды дерек көзі ретінде қарастырылды.

Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағатының Зайсан бөлімінің 64; 284-қорларында Қ. Нұрғалиев және оның қызметіне қатысты өте мол құжаттар қаралды. Көптеген хаттамалар, Боран мектебіне қатысты істер, оның

жиналыстар, конференцияларда сөйлеген сөздері тіркелген. Тек білім беру саласында емес, қоғам өміріне, саясатқа да араласқаны жөнінде құжаттар бар. Оны Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскер қатарына шақырту бұйрығы, кадр есебі жөніндегі іс-парағы, өз қолымен жазылған өмірбаяны, оған берілген өндірістік мінездемелер, жұмысқа орналасқаны жайлы бұйрықтар, ескертулер, марапаттаулар бұйрықтарын таптық.

Құмаш Нұрғалиевтің жанұялық мұрағатының қорларында ұлы адамдармен жазысқан хаттары қолжазба күйінде сақталған. Бұл келешекте тарихи айналымға енгізілетін құнды материалдар болып табылады. Мәлік Ғабдуллинмен, Сәбит Мұқановпен жазысқан хаттары, кезіндегі Одақтың түкпір-түкпірінен келген хаттар, өзінің қолжазбалары мол дерек көзі болды.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұражайы, Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданындағы Қ. Нұрғалиев мұражайынан табылған құжаттар мен материалдар да дерек көзі ретінде қолданылды.

Оның шығармашылығы жайлы құжатты-публицистикалық «Комсомольский билет», «Здравствуй солнце», «Учитель», «Открытый урок» фильмдер топтамасын және оның мерейтойларына байланысты өткізілген конференциялардың стенограммалары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысын талдауда мерзімді басылымдар екі тілде кеңінен қолданылды. Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің жұбайы Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері Қанипа Әйкенқызынан, қызы п.ғ.д., профессор Гүл Құмашқызы Нұрғалиевадан, ұлы п.ғ.к Талант Құмашұлы Нұрғалиевтен алған естеліктер тақырыптың тереңірек және дәлірек ашылуына септігін тигізді.

Зерттеу жұмысының методологиялық негізі. Қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мақсатында тарихи зерттеудің диалектикалық тәсілдерімен тығыз байланыстағы тарихилық, объективтілік сияқты негізгі методологиялық ұстанымдар басшылыққа алынды. Сондай-ақ соңғы жылдары көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеуде қалыптасқан жаңа тұжырымдамалар да ескерілді. Зерттеу әдістері ретінде жүйелілік, салыстырмалық, құрылымдылық-функциялық тарихи ұстанымдар және концептуалдық ережелер, танымдық теория негіздері қолданылды. Зерттеу нақты, фактілік материалды зерделеу, ғылыми зерттеудің талдау және жинақтау, жүйелендіру, салыстыру, салғастыру және басқа да жалпыға белгілі әдістер негізінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Зерттеудің хронологиялық шеңбері Құмаш Нұрғалиевтің өмір жолы мен ұстаздық қызметінің басты кезеңдері, яғни 1925-1988 жылдарға дейінгі уақыт қамтылды. Қ. Нұрғалиев қайтыс болғаннан кейінгі кезеңдердегі зерттеулер қолданымға түскенмен зерттеудің хронологиялық ауқымын кеңейте қоймайды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы: Тақырып алғаш рет Отан тарихы ғылымының зерттеу пәні ретінде қарастырылғандықтан, қол жеткен нәтижелер де негізінен, жаңа болып табылады. Олар:

- мұрағат құжаттары арқылы Құмаш Нұрғалиевтің туған жері Бұғымүйіз, мектепте оқыған жылдары 1932-1940 жылдар, әскерге шақырылған уақыты 1943 жылдың 1 маусымы екені анықталды;

- бұрын негізінен педагогика саласының зерттеу объектісі болып келген тұлғаның тағдыры тұңғыш рет тарихи тұрғыдан қарастырылып отыр;

- диссертацияда Қ. Нұрғалиевке қатысты әдеби, тарихи, педагогикалық, публицистикалық шығармалар, мерзімдік басылымдардағы мақалалар және оның өзінің съездерде сөйлеген сөздері мен мақалаларын зерттей отырып, оның көзқарастарына алғаш рет жаңаша тұрғыдан баға берілді;

- оның кәсіби мұрасына талдау жасалынды және даралық сипаты нақты тұжырымдармен айқындалды;

- Қ. Нұрғалиевтің халық алдында сіңірген еңбегін, қоғамнан алатын орнын әр түрлі мұрағат материалдары мен оның жеке жанұялық мұрағаттарындағы деректерге сүйене отырып бағалау негізінде бұрын зерттелмеген тың деректерді алғаш рет ғылыми айналымға түсіруге күш салынып, нәтижесінде нақтылы салыстырулар мен тұжырымдар жасау барысында жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді;

- Халық мұғалімінің білім саласындағы қызметінің рөлі мен маңыздылығы айқындалып, осы саланы көтерудегі қосқан үлесі, жетістіктері сараланды;

- Нұрғалиевтер педагогикалық әулетінің тарихы дәйектелді.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

- Қ. Нұрғалиевтің ұстаз болып қалыптасуына өскен ортасы мен сол кездердегі қоғамдық жағдайлардың рухани әсері болды;

- оның педагогтік, басшылық-ұйымдастырушылық қызметі оны көрнекті тұлға ретінде көтерілуіне алып келді және Қ. Нұрғалиев авторлық мектеп қалыптастырып, қоғамға білікті шәкірттер даярлады;

- ауыл мектебін дамытудағы Қ. Нұрғалиевтің орны мен қызметі айрықша;

- мектептен әр түрлі мамандықтарды алып шығуды ұйымдастыру арқылы Боран орта мектебі жергілікті халықтан маман кадрларды даярлауға маңызды қадам жасады, сонымен қатар мектеп жергілікті тұрғындар арасында ағарту және мәдениет ошағы болды;

- оның ой-пікірлері халықты ана-тілді құрметтеуге, бағалауға шақырып жас ұрпақ бойына ұлттық тәрбие нәрін сіңдіруге тырысуында және қазақ мектептерінің болашағының құрдымға кетіп бара жатқанын біліп, оны дамытуға өз кезінде үлес қосқан;

- Қ. Нұрғалиев біздің республикада тұңғыш рет мектеп тарихында МТТО (мектептік-теледидарлық техникалық орталық), компьютерлік сыныпты, оқушылардың өзін-өзі басқаруын енгізді, сол жылдар техникасын пайдаланып, оқу үдерісін ақпараттандыру мәселесімен айналысты;

- бірінші рет ауыл мектебінің базасында жалпы және жоғары мектеп қарым-қатынасының ерекше формасы болып табылатын Абай атындағы педагогикалық институттың педагогика кафедрасының ғылыми-оқу әдістемелік кешенін ашуға жағдай туғызды;

Қорыта келгенде, диссертациялық зерттеуіміздің негізгі қағидалары бірін-бірі толықтырып, жаңаша ой елегінен өткізіліп, өзіндік тұжырымдармен Құмаш Нұрғалиевтің қоғамдық қызметі нақтыланды.

Зерттеу жұмысының қолданбалы маңызы. Құмаш Нұрғалиевтің өмірі мен қызметі, кәсіби мұрасы мысалында Қазақстан тарихының проблемалық

мәселелерін, Қазақстанның қоғамдық-мәдени құрлысына еңбек еткен тұлғалардың мемлекет пен қоғамдағы рөлін бағалауға септігін тигізеді. Ғұмырнамалық зерттеу жұмысы болғандықтан оның нәтижелері мен тұжырымдары оқу орындарында тарих және педагогика бөлімдерінде дәріс алатын студенттерге арнайы курс және арнаулы семинар сабақтарын жүргізу барысында қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысы 2010 жылы 28 маусымда Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақстан және шетелдер тарихы» кафедрасының мәжілісінде, 2010 жылы 16 қыркүйекте Мемлекет тарихы институты Индустриалды-инновациялық даму және этноәлеуметтік үдерістер тарихы бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды. 2010 жылы 6 қазанда осы институттың ғылыми-теориялық семинарының кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша БД 53.33.02 Диссертациялық кеңесіне қорғауға ұсынылды.

Өскемен қаласы Қ. Нұрғалиев атындағы №43 орта мектеп-гимназиясында Құмаш Нұрғалиевтің өмірі мен қызмет жолын оқыту мақсатында «Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиев және оның қызметі» атты оқу-таным курсы сабағының жоспары жасалып, 9-10 сыныптарда жүргізіледі.

Диссертацияның негізгі мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен 3 ғылыми басылымда және 1 ғылыми журналда жарияланған, сондай-ақ халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 7 баяндама мәтіні басылған.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, негізгі екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі айқындалып, тақырыпқа қатысты тарихи деректерге талдау және тарихнамалық шолу жасалған. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері, хронологиялық ауқымы, методологиялық ұстанымдары, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңызы көрсетіліп, қорғауға ұсынылған ой тұжырымдар дәйектелген.

Диссертацияның «Құмаш Нұрғалиевтің өмір белестері» атты бірінші тарауы үш тармақшадан тұрады. Онда Қ. Нұрғалиевтің өмір сүріп, азамат болып қалыптасқан ортасы мен заманы, сонымен бірге оның Ұлы Отан соғысындағы ерлігі және ұстаздық қызметтің алғашқы баспалдақтарына (1946-1957 жылдардағы қызметіне) кең тұрғыда талдау жасалған және педагогикалық көзқарастарының қалыптасуы, оған әсер еткен жағдайлар жан-жақты сараланған.

Қ. Нұрғалиев 1925 жылдың қазан айында Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Марқакөл, қазіргі Күршім ауданындағы Бұғымүйіз қыстауында дүниеге келген. Ол найманнан тарайды. Еңбекте Қ. Нұрғалиевтің шежіресі келтірілді. Ұстаздың туған жері баспасөз материалдарында Марқакөлдегі Орловка, кейде Сармөңке ауылдары деп көрсетіледі. Бірақ Шығыс Қазақстан

облысы Мемлекеттік Мұрағатының Зайсан бөлімі қорларында кездескен мәліметтер және Қ. Нұрғалиевтің зайыбы Қанипа Әйкенқызымен болған әңгімеден кейін Құмаш Нұрғалиевтің туған жері Марқакөлдегі Бұғымүйіз екені расталды.

1935 жылы отбасы Сармөңкеге көшіп барады. Баласы Құмаштың алғыр, зерек болып өсіп келе жатқаның байқаған әкесі Нұрғали оны көрші Катон-Қарағай ауданындағы С. Торайғыров атындағы Шыңғыстау орта мектебіне оқуға береді. Ол сегізінші сыныпты тамамдағаннан кейін, педагогикалық училищеде оқуға асықты. Әкесі 1940 жылы 55 жасында ауырып, кенет дүние салып, артынан ерген бауырлары мен жиендерін асырау үшін он бес жасында мектептен қол үзді. Өзінің өмірбаянында жазғандай басында ұжымшарда қоймашы, кейіннен біраз уақыт ауыл дүкенінде сатушы болып жұмыс істеді [26]. Он бес жасында ауыл Кеңесінің хатшысы қызметін істей бастады. Аузынан ана сүті кеппеген, әлі ойын баласы істеген жұмыстарымен көпшілік көңілінен шыға білді. Құрбылары мектепте сабақ оқып жүрген кезде ол еңбектің ауырпалығының дәмін татып, жас маман бола тұра, ерінбей қызмет етті. 1940 жылы ЛКЖО, яғни комсомол қатарына қабылданды. Кешікпей ұжымшар комсомолдары оны Шығыс Қазақстандағы Іле (Үшінші бесжылдық) ұжымшар комсомол ұйымының жетекшісі етіп сайлады, 1942-1943 жылдары осы комсомол ұйымының басшысы болды. Өз құрбыларынан ерте есейген балаң жігіт міне алғашқы еңбек жолын осылай бастаған еді. Ауылдық Кеңес пен комсомол ұйымындағы жұмыс, кешкілікте қаралатын тоғызыншы сыныпқа арналған оқулықтарды өз бетімен оқу жас жігіттің өміріне жаңа мазмұн беріп, оның азаматтық тұлғасының дамып, қалыптасуына ықпал етті.

Қ. Нұрғалиевтің өмірбаяны соқтықпалы, соқпақты болып келеді. Ол тек еңбек жолын ғана емес, сонымен қатар майдан жолын да өткен адам. Баспасөз беттерінде және ол жөніндегі жалғыз ғылыми жұмыс Б. Кульчимбаеваның зерттеулерінде Қ. Нұрғалиевтің соғысқа аттанған кезі 1941 жылдың күзі (қыркүйек), әскерге шақырылған жері Сармөңке деп көрсетіледі [19, 19 б.]. Мұрағат деректеріне сүйенсек он жетіден асқан Құмаш Нұрғалиев 1943 жылы 26 мамырда өз еркімен Бұғымүйіз ауылынан әскер қатарына шақырылып, 1943 жылдың 1-маусымында Зайсан аудандық әскери комиссариатындағы капитан М. Астаховтың бұйрығымен су жолы арқылы, қасындағы бес жігітпен Отан қорғауға аттанды. Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағатының Зайсан бөліміндегі 284 қор, 1 тізбе, 24 істің 144 бетіндегі сарғайған газет бетіне жазылған әскери комиссариаттың бұйрығында нақты уақыты 1943 жыл 1 маусым деп көрсетілген [27].

1943 жылы әскерге атанғаннан 1944 жылдың мамырына дейін әскери қызметін Қиыр Шығыс пен Оралда жалғастырды. Командирлер курсында оқыды, бұл оның ой өрісін кеңейтіп, саяси санасын тереңдете түсті. Осы уақыттың ішінде Құмаш Нұрғалиев әскери өнердің көп әдіс-тәсілдерін үйреніп, қыры мен сырына қанықты. Ол курсты бітіріп, кіші сержант атағын алды, жауынгерлер тәрбиелейтін кіші командир болды.

1944 жылдың мамырынан 29-шы қазанға дейін Кеңес Одағының батыры А. Матросов атындағы атқыштар полкінде Отан қорғады [7, 4 б.]. Қ. Нұрғалиев

майданның алғы шебінде жүріп, өзінің патриоттық тәрбиесімен Ұлы Жеңіске өз үлесін қосты. Қасындағы жауынгерлерді рухтандыру үшін, ұлттық тарихтан батырларымызды, олардың ерлік істерін үнемі мақтанышпен айтып отыратын. Оның соғыс даласынан анасына, бауырларына, сүйіктісіне жазған хаттары сақталған. Бұл хаттардан соғыстағы ерліктер туралы мол дерек алуға болады [26].

Генерал Казаков басқарған дивизия Кеңестік Латвияны жаудан тазартуға кірісті, кіші сержант Қ. Нұрғалиевте осы қызыл әскер қатарында неміс-фашистерден Резекне, Мадона, Рига қалаларын азат етуге қатысты, талай қанды ұрыстарда шайқасты. 1944 жылдың күзінде Риганы азат етудегі Ауце қалашығы үшін болған шайқаста Құмаш Нұрғалиев ауыр жараланды. 29-шы қазан, яғни өзінің 19 жасқа толған туған күнінде қазақтың жас жігітіне тағдырдың тартқан сыйы осылай болды. Тура туған күні, бұл туралы №3431 госпитальнің басшысы майор Иваньковтың анықтамасынан көре аламыз «... в боях за Советскую Родину мл.сержант Нурғалиев Кумаш 29.10 был тяжело ранен. Диагноз: Ампутация обеих бедр и левого крецплечи» [26].

Өмірдің тауқыметі мен ауыртпашылығы осылай жалғаса берді. Жараланған кезде оның қасында болған медбике Мария Васильевна Ракова кейін «Мен Құмаш Нұрғалиев тірі қалғанын, екі аяқсыз, бір қолмен Қазақстанда өмір сүріп жатқанын білдім. Ол жай ғана өмір сүріп емес, ол өмірді қайта құрып, өзі сүйген ұстаздықтың тасын біртіндеп қалап қажымай асқан төзімділікпен жеңіске жетті. Бұл оның бейбіт өмірдегі ерлігі емес пе?», - дейді [21, 34 б.].

Оны 1944 жылы желтоқсанда Мәскеудегі әскери госпитальге жеткізді. Ерен шыдамдылығымен, қайтпас қайсарлығымен өлімді жеңуге берік бел байлап, 12 күрделі оталарға төтеп берді. Ол госпитальда болған уақытта 9-10 сыныптар бағдарламаларын толық өтіп, орта білім алуды алдына міндет етіп қойды. Ауруханада 9-10 сыныптарды экстернат түрінде емтихандар тапсырып аяқтады. 1945 жылдың 22-тамызынан 18-желтоқсанына дейін коммуналдық кәсіпорындар бухгалтері курсына үздік оқып, 1946 жылы 5-ақпанда №527 куәлікті алды. Коммуналдық шаруашылықты ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп, коммуналдық кәсіпорындар шаруашылығының талдауы, еңбек және салық заңдары негіздерін «5», шаруашылық бөлу пәнін «4» бітіріп, аттестациялық комиссияға экзаменді үздік тапсырды [26]. Бұл білім кейін оған директорлық қызметі кезінде көп көмегін тигізді.

1946 жылы күзде протезбен екі балдаққа сүйеніп туған еліне оралды

1946 жылы ауылға келгеніне он күн өтпей 1-ші қазанда Қ. Нұрғалиев тұңғыш рет сабақ беруге сыныпқа кірді. Көп ұзамай бұйрықта шықты. Аудандық білім беру бөлімінің 1946 жылғы 14-ші қазанындағы № 256 бұйрығымен 5, 6, 7-сыныптарда орыс тілі мұғалімі болып тағайындалды [26].

1946 жылы 29-шы қазан күні өздерінің туған күндерінде Қанипа Әйкенқызы екеуі отау құрып, өмірге тағы да бір қазақтың қара шаңырағы келді. 1948 жылы 25-ші шілдеде «Социалистік Қазақстан» газетінде Ж. Жұмақановтың «Өлімнен махаббат күшті» деген мақаласы шықты. Онда жазушы М. Горькийдің «Қыз бен өлім» поэмасында сайып келгенде өлімді махаббат жеңеді, сол күшті махаббат бізде бар. Бізде өлімнен махаббат үстем», - деп екеуін үлгі еткен [6, 4 б.].

1948 жылы шілде айында Қ. Нұрғалиевті Сармөңке мектебіне оқу ісінің меңгерушісі етіп тағайындады. Оның замандастарының пікірінше, Құмаш Нұрғалиевтің маңдайына бірінші жол бастаушылық бақыты жазылыпты. Ол сол кездегі Шығыс Қазақстандағы Марқакөл ауданында тұңғыш қазақ мектебін Сармөңкеде бірінші болып ашты. Оған дейін мұнда тек орыс мектебі ғана болған. Сол кездің өзінде-ақ, табиғи болмысынан педагог-ұстаз, балалар өз ана тілінде оқу керек екеніне көзі жетіп, өзге тілдерді оқу үдерісінде үйрене жататынына ерекше назар аударған.

1948 жылы ҚазПИ-дің тарих факультетіне түскен ол 1950 жылдан тарих пәнінен сабақ бере бастады.

Халықтың қолдауына ие болсада, осындай адамға әміршіл-әкімшіл жүйенің салқыны тимей өтпеді. Сонымен қатар ол ұжымындағы, аудандағы талай азаматтарды аудан, облыс басшыларының қыспағынан аман алып қалды. 1948 жылы партия қатарына өткен Құмаш Нұрғалиев «Пограничник» ұжымшарының бастауыш пария ұйымы хатшысының орынбасары, одан кейін бірден хатшысы болып тағайындалады. Ұжымшар орталығы Орловка селосында, ол мектеп директоры болып істейтін Сармөңкеден 30 шақырым жерде. Ұжымшардың өндірістік-шаруашылық жұмысына белсене ат салысқан парторг орталыққа салт атпен жиі қатынап отырды. Ұжымшар төрағасы болған А.М. Грицаевпен прогрессшіл Нұрғалиев тіл табыса алмады. Ұлтжанды, қазақтан шыққан мектеп директорының жұмысынан кір іздеп, оны аяқтан шалуды ойлаған ол Нұрғалиевтен оңай құтылудың жолын іздестірді.

Оның атқарған жұмысынан мін таба алмаған талайлар әр түрлі пәле жауып, кішкентай ауылдағы директорды 1952 жылы облысқа жазады. Облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасының орынбасары А. Шлатков оған: «Нұрғалиев жолдас, Сізді тәртібі нашар деп естідім. Сіз одан әрі мектеп директоры болып істей алар ма екенсіз?» [17, 43 б] - деп хат жазады. Бірақ кейін ол бастық өзінің артық айтқан сөзі үшін кешірім сұрайды. Ол ол ма жала іздеген жалақорлар оны кезекті медициналық тексеруден өтуді қызмет бабымен кешіктіргені үшін де дүрлігіп, жиналыстарға да салады, оған жұмыс істеуге кедергі келтірушілер үнемі қасынан табылып отырды. Артынан Мемлекеттік Қауіпсіздік қызметі түсіп, бірнеше тексерулер жүргізді.

Ақыры Теректі ауылындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушілігіне жіберді (1955-1957 жж.). Алекеевка орта мектебінде де мектеп партия ұйымының хатшысы болды. Қ. Нұрғалиев өмірінің осы бір тұсы көптеген деректерде көрсетілмейді. Мысалы, Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 7-ші томында 1946-1957 жылдары Құмаш Нұрғалиев Марқакөл ауданының Сорвенка мектебінің директоры деп жазылған [15, 86 б.].

ҚазПИ-дің тарих бөлімін бітіріп, диплом аларда орта білім жөнінде аттестат алған жоқ деп диплом берілмеуін талап еткен шағымдар түсті. Істің ақ қарасын айырған Қазақ КСР прокуратурасы 1955 жылы 24 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл аудандық прокуратурасының І санатты заңгері Ж. Сабиевке №1-15 бұйрық хатты жіберді. Онда: Қазақ КСР прокуратурасында қабылдауда Ұлы Отан соғысының бірінші топтағы мүгедегі (бір қол, екі аяғы жоқ), Сармөңке мектебінің директоры Қ. Нұрғалиевтің шағыммен келгендігі

айтылды. «Фрунзе аудандық прокуратурасына 1955 жылы 7 мамырда №167 хатта: Сіз оның жалған аттестат алды деп айыптайсыз. Оның Ұ.О.С-да ауыр жараланғаның, демобилизациядан кейін мектепте табысты еңбек етіп жатқандығы жөніндегі өндірістік мінездемесі өте жақсы, сонымен бір уақытта Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтты үздік бітіруін ескерсек, Қазақ КСР прокуратурасы сіздің дипломды қайтарып алсын деген арыз хатыңызды жапты. Болашақта Қ. Нұрғалиевтің аттестатты заңды алғаны жөніндегі сұрақты қозғамауыңызды сұраймыз», - деп Қазақ КСР прокурорының міндетін орындаушы Б. Джусупов нұсқау хат жазды [26].

Сол жылы жазда оны екі рет қызметінен босатып, облыстық партия комитеті араласып қайта қызметіне келтірді. Оған қарсы газет беттерінде бірнеше мақала жарық көрді. 1955 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің журналистері Қ. Нұрғалиевтің партия конференциясында басшылардың принципсіздігін айтып, өзінің әділдігін мойындатқанын жазды [11, 4 б.].

Халық мұғалімінің педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына тоқталсақ, Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық, эстетикалық көзқарастары, дүние танымы, ой-пікірлері XX ғасырдың ортасына таман қалыптасады. Ол ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі, сонымен қоса ағартушылық идеяларды уағыздаған қазақ даласынан шыққан жаңашыл ұстаздардың бірі еді.

«Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл», - дей отырып, әр адам өз қабілетін дұрыс бағалай біліп, өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылу қажет екенін, өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп, соған орай әрекет тұтқанда ғана адам сәтсіздікке ұшырамайтынын көреміз. Адам өзіне сыншы болып, өмірге саналы көзбен қарауға үйренсе, әр нәрсенің себеп салдарынан анық танып, біле алады, сонда ол ісінің сәтсіздігін өзгеден көрмей, нақтылы жағдайды дұрыс бағалап, содан өзіне сабақ алады деген үлкен ғибараттылық мәні бар түйінді ой қорытқан Құмаш Нұрғалиев өмірден артта қалмай, бірінші топтағы мүгедектігіне қарамастан биік армандарға қол созып, ұстаздық жолына түседі.

Қ. Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына көптеген тәлім алған ұстаздарынан басқа ұлттық педагогика да зор ықпал етті. Шығыс даналығына көп үңілген ол әуелі, мектептегі мұғалімдердің басым көпшілігінің ер адамдар болуын жақтады. «Бұл әйел мұғалімдердің намысына тиетін талап демес дер едім, - дей отыра, отбасында әке тәлімін көрмеген ұл қандай болмақ? Әкесі қасында өскен ұлдың айырмасына ой жүгіртіңізші. Айырма көп. Бұны ескергісі келмейтін, елегісі келмейтін ағайындар әлеумет мүддесі тұрғысынан мәселе шешпейтіндігін ғана дәлелдейді» [18, 367 б] деген пікірде болды. Осындай ұлағаты мол сөздерді 24 жыл бұрын айтса да қазіргі таңда өзектілігі еш кемімеген.

«Менің бақытыма қарай, ойға алған іс-шараларымды орындауға ірі мемлекет және қоғам қайраткері, академик Д.А. Қонаевтың қамқорлығы, мейірімді жүзі, адамға зор ілтипаты, рухани, материалдық жағынан қолдауы, кадрларды оқытып, тәрбиелеудегі, біліктігі мамандарды лауазымды орындарға тағайындаудағы асқан іскерлігі айтарлықтай шарапатын тигізді. Мемлекет

тарапынан көрсетілген көмекті біз тиімді пайдалана білдік, ерінген де, қажыған да жоқпыз. Енді өзіміз өсіріп, өндірген жемісіміздің игілігін қоғамымыз көрсе екен деп тілеймін», - деген Құмаш Нұрғалиев [21, 100 б].

Ұрпақтарға сапалы білім беру үшін мемлекет тарапынан қажетті қаржы бөлінуін талап етті. Қаржы неғұрлым көп бөлінсе, нағыз білімді оқытушы да, мектепке қажетті техникалық құрал-жабдықтар да, түрлі үйірмелердің нақты, жемісті жұмыс істеуі де, жастардың жан-жақты білім алуы да толық шешімін табады. Ал оқу-ағарту саласын қаржыдан қысу діттеген арманыңды іске асыруға кедергі келтіреді. Бұдан мемлекет ұтылады. Білікті кадрсыз мемлекет - әлсіз мемлекет. Болашақтың тірегі – жастар. Жастарымыз білімді, білікті болмай мемлекетіміздің қуатты болуы екіталай. Сондықтан бар жағдайды ұрпақтарға жасауымыз керек деген қағидатты ұстанды [20, 257 б.]. Өзі бас болып, жастардың қамын бірінші орынға қойды. Ұрпақ тәрбиесіне бөлінген қаржы он есе артығымен қайтатынына көз жеткізді.

Қ. Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастарының қалыптасуында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл-ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Оның педагогикалық ойының ең басты ерекшелігі - адамға шынайы патриотизмі, халқына деген сүйіспеншілігі, оның болашағы, бақыты үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз мүмкіндігінше көрсете білдіруі болды.

Құмаш Нұрғалиев қазіргі ағарту ісінің проблемасы мектептің өмірден алшақтығы, оқушылардың әлеуметтілігін қамтамасыз ете алмайтын, оқудың ағартушылық сипатының жетімсіздігі деп есептеді. Сондықтан да Құмаш Нұрғалиев мектепті кең әлеуметтік қатынастар жүйесі ретінде қарап, жеке тұлғаның дамуы оның байланыстарының дамуы, ал тәрбие – осы қатынастарды мақсатты басқару, оларға болжам жасау, құрастыру, ретке келтіру деп білді. Құмаш Нұрғалиевтің жаңашылдық қызметін ретроспективтік талдау, оның ауыл мектебін дамыту жөнінде жасаған тұжырымдамасы, бізге бірнеше негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Біздің көзқарасымызша, оның жаңашыл педагогикалық идеяларының нәтижелілігінің айқын куәсі мектеп түлектерінің әлеуметтік мәртебесі болып табылады.

«Халық мұғалімінің мектеп ісіндегі жаңашылдығы» атты екінші тарау 1957-1988 жылдарды қамтыған, Құмаш Нұрғалиевтің басшылық-ұйымдастырушылық жұмыстарына кең тұрғыда тарихи талдау жасалынып, кәсіби мұрасы мен оның педагогикалық әулеті жайлы зерделенеді. Қ. Нұрғалиевтің қолданған инновациялық технологиясының маңызы, оның қазақ орта мектептеріне үйлесімдігі, білім беру методологиясын өзгерту туралы көзқарастары және орта мектепте білім беруді ақпараттандырудағы эксперименттері қарастырылып, жүйелендірілді.

Осы ұстаз өмірінің жаңа бір кезеңі ұйымдастырушылық-басшылық қызметі Боран мектебіндегі директорлық қызметінен бастау алды. Ол 1957 жылы 3-ші тамызда халыққа білім беру бөлімінің № 145 бұйрығы бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөлдегі Боран кеңшарындағы орта мектепке директор және тарихшы мұғалім ретінде жіберілді, кейіннен өзінің саналы ғұмырын өмірінің соңғы минуттарына дейін осы мектепке бағыштады.

1958-1965 жылдары аралығында мектептің ұстаздары мен жоғарғы сынып оқушыларының күштерімен мектептің № 3, № 4, № 5 корпустары, 1966 жылы интернат салынып, іске қосылды [28]. Осы жылдардағы оқу-тәрбие жұмысында қол жеткен зор табыстарын ескере отырып, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 18-мамыр 1965 жылы №379 бұйрығы бойынша, мектепке В.И. Ленин аты берілді. 1967 жылы Шығыс Қазақстан облыстық халыққа білім беру бөлімінің басшысы Б. Қайырбеков Қазақ КСР-нің Құрмет алтын кітабына облыстан екі адамды ұсынды [29]. Біреуі Борандағы Ленин атындағы орта мектептің директоры Қ. Нұрғалиев еді.

Қ. Нұрғалиев 1968 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдер съезіне барды. Соның алдында ғана Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған болатын. Еңбек Ері атағы берілмеді. Ертеңінде партиялық бақылау комитетінің төрағасы А.Я. Пельшенің қабылдауына барды. Оған мектеп салуға рұқсат алып беріңіз, одан басқа бұйымтайым жоқ дейді.

1972 жылы бұрынғы мектептің қатарында сәулетті зәулім мектеп үйі тұрғызылды. Мектептің кіре беріс қабырғасына «Боран мектебінің оқушылары Мәскеу мектептерінің оқушыларынан несі кем?!» деп ойылып жазылған. Енді бұл мектеп өз заманына сай мектеп – жалпы ауданы 8000 шаршы метр, 960 орындық кешенге айналды. «Біздің мектеп-үлкен мектеп. Мыңға жуық оқушысы бар. Мектеп өзінің территориясы жағынан Ватикан мемлекетінің территориясынан қомақтырақ», - деп мектебін мақтан тұтатын Қ. Нұрғалиев [20, 95 б.].

Жаңа мектеп құрлысымен қатар мектеп маңынан мұғалімдер қалашығының негізін салды. 16 үйде 32 пәтер болса, 8 пәтерлік екі қабатты екі үйді қосымша салды. Бірнеше рет Д.А. Қонаевтың қабылдауында, А.Я. Пельшенің қабылдауында, КСРО Орта және жоғары білім министрлігінде, Қаржы министрлігінде болды. Ол өз мектебі осы қазіргідей лайықты түрге енуі үшін көп жұмыс атқарды. Құмаш Нұрғалиев мектеп бассейнінің жобасын бекіту үшін бір күн ішінде Бораннан Өскеменге, Свердловскіге, Киевке ұшып барып келетін [8, 13 б.].

«Менің ауылдық балаларымның қалалықтар сияқты техникалық негізде оқуға құқы бар» [30, 4 б] - деген Қ. Нұрғалиев. Боран орта мектебінде барлық пәндерді оқытатын кабинеттер талапқа сай жабдықталған болды. Мектептегі техникалық және теледидар орталығы мұғалімдер ұжымының жұмысын едәуір жеңілдетті. 1978 жылы Қ. Нұрғалиев қазіргі Санкт-Петербург, бұрынғы Ленинград қаласындағы оптика механикалық ұйымнан бейне магнитофон мен теледидарлық кешенді Қазақстан бойынша бірінші алып, айналымға енгізеді. Сол кезде іздесен таба алмайтын 60-тай теледидардың әр сынып бөлмесінде болуы таңданарлық жай еді. 1983 жылы 1-ші қыркүйекте теледидарлық орталық пайдалануға берілді.

Құмаш Нұрғалиевқа мектептік-теледидарлық техникалық орталық (МТТО) құру идеясы ғылыми-техникалық жағдайын шешуге ұмтылғандықтан туған еді: ақпараттық тасқынның арта түсуі және ауыл мектептеріндегі ақпараттың төменгі деңгейі осыны талап еткен болатын, бірінші рет МТТО құрылды. Жетпісінші жылдардың өзінде Қ. Нұрғалиев жетекшілік еткен мектеп сол

жылдар техникасын пайдаланып, оқу үдерісін ақпараттандыру мәселесімен айналысты. Қ. Нұрғалиевтің ұдайы құлшынысының арқасында мектеп мұғалімдерінің кәдесіне жаратылды. Алғаш оқушылардың өзін-өзі басқарулары енгізілді. 1988 жылы мектепті бітірген түлектердің 88 пайызы жоғары оқу орындарына түсті [21, 179 б.].

Алыстағы ауылда, Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданының Боран ауылында, облыс орталығынан 500 шақырымдай қашықтағы елді мекенде, Қазақстан Республикасының шығыстағы шекарасында Қ. Нұрғалиев ауыл мектебінің авторлық үлгісін құрды. 1975 жылы мектеп КСРО Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесінде II-орын алды. Құмаш Нұрғалиев 1968; 1978 жылдары Бүкілодақтық Мәскеуде өткен мұғалімдер съезіне қатысты, мектеп 1980 жылы ҚазКСР Ауыл шаруашылығының қола медаліне және III-орынға ие болды. 1980-1981 оқу жылы Қазақ КСР Оқу ағарту министрі Қожахмет Балахметов министрлік қызметкерлерімен мектептегі сабақтарға қатысты, оқу-тәрбие жұмысымен танысты, жұмыс үстіндегі теледидарлық-техникалық жүйені сынақтан өткізіп мектеп жұмысына өте риза болып, ол басқарған мектепті озат тәжірибенің лабораториясы деді. 1982 жылы Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігінің коллегиясы Боран орта мектебінің іс-тәжірибесін талқылап, Республика мектептеріне тарату туралы ұйғарым қабылдады. Оған мектептің жаңаша оқыту технологиясына көшуі, 1981 жылы Бүкілодақтық халықшаруашылық көрмесіне қатысып, I-ші дәрежелі дипломмен марапатталуы себеп болған еді [17, 79 б.].

Құмаш Нұрғалиев Әскери Қызыл Ту, Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, бес медальмен марапатталды, «ҚазКСР Халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі» белгілеріне, 1965 жылы фашистік германияны жеңудің 20 жылдығы құрметіне және еңбектегі табысқа ие болғаны үшін, 1966 жылы жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбегі үшін Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды, 1985 жылы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы С. Мұқашев оны 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, жастарды тәрбиелеудегі еңбегі үшін Құрмет грамотасымен мадақтады [26]. 1985, 1987 жылдары Алматыда өткен Қазақстан мұғалімдерінің III, VI съездеріне қатысып өз тәжірибесімен бөлісті.

ҚазКСР-де 1981 жылы «КСРО Халық мұғалімі» атағын екінші иемденген Құмаш Нұрғалиев еді. Осының барлығы оның ерен еңбегінің жемісі, «Азамат - деп ез болып отыра бермейтін, замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, сүрінсе мұқалмай, тұла бойы құласа да тіккен туды құлатпаған, тірісінде есімі аңызға айналған біртуар ұлын айтады», - деп М. Қозыбаев айтқандай азаматтығының белгісі [2, 14 б.].

Сол уақыттағы Кеңес мемлекеті бойынша «КСРО Халық мұғалімі» атағы жиырма бір адамға берілсе, оның төртеуі ғана Қазақстандықтар. Қазақстанда Қ. Нұрғалиевтен басқа «КСРО Халық мұғалімі» атағын алған тағы Айтқалиев Құсейін, Қасимов Төлепберген, Кубраков Григорий [15, 112 б.].

Педагогикалық тамыз конференциясында ол жергілікті партия, өкімет органдарының атына өткір сын айтқан болатын, соған байланысты билік

басындағылардың оған қысым жасағысы келді. Социалистік Еңбек Ері атағын беруге байланысты ұсыныстар кейінге қалдырылып отырылды.

1988 жылы мамыр айында ауруханада жатып, Құмаш Нұрғалиев тұңғыш рет Қазақ КСР-де мектепке «Ямаха» компьютер сыныптарын жеткізу мәселесімен шұғылданды. Бұл оның өмірден озуына бірнеше күн қалғандағы кез еді. Қазақ КСР-на бөлінген компьютерлердің бірі министрлікке, бірі ҚазМУ-не, бірі Шығыс Қазақстандағы Боран орта мектебіне Құмаш Нұрғалиевті халық соңғы сапарға шығарып, қоштасып жатқан кезде жеткізілді. Абзал ұстаз 1988 жылы 27 мамырда дүниеден бақилық болып өтті. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі аласапыран уақытта Колбиннің ызғарына ұшырады. Д. Қонаевқа тағылған айыптардың бірінде оған Алматы қаласынан берілген пәтер мәселесі қозғалып, Алматы қалалық кеңесі қайта-қайта шақырып, соған қатты күйзелді. Марқакөлден Алматыға бірнеше мәрте жол оның дімкәс денсаулығын нашарлатып жіберді. Колбиннің қудалауында жүрген ол жол үстінде операция столында қайтыс болды [31]. Құмаш Нұрғалиев өмірінің соңғы сәтіне дейін мектеп қамын ойлады.

Бүгінде Құмаш Нұрғалиевтің арманы Қазақстанның барлық жерінде іске асып, Егеменді еліміздің ұл-қыздары соңғы үлгіде жабдықталған мектептерде білім алуда. Қ. Нұрғалиевтің еңбегі сонда, ол ауылдағы мектепті қоғамның тірі клеткасына айналдырды.

Құмаш Нұрғалиевтің өзінің жазған бірнеше мақаласы бар. Оның мақалалары тек аудан, облыс көлемінде шыққан жоқ, сонымен қатар Республикалық, Одақтық басылымдарда да жарық көрді. «Ұстаз борышы», «Сұңқар бол сен де жас ұрпақ», «Оқу мен еңбекті ұштастырып», «Эстафета добра», «Растим детей для счастья», «Наш семидесятый учебный год», «Мы тверды за мир!» деген мақалаларында, ол қатысқан радио және теледидардан берілген хабарларда да тек оқу-ағарту ісіне ғана арналған жоқ, онда сол кездегі қоғамдық өмір, саясат, көкейкесті мәселелер де қаралған [30]. Ол кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі білім беру жүйесінің деңгейімен анықталатынын жақсы білді. Сол үшін ерінбей еңбек етіп, қазақ балалары үшін замануи мектеп құрастырып, қазақтың төл мәдениетін көтеруге үлес қосты.

Ұжым Құмаш Нұрғалиев негізін қалаған дәстүрлерді дамыта отырып, педагогикалық мамандарды даярлайтын мынадай орталықтармен тығыз қарым-қатынасты жүзеге асырды, олар: Шығыс Қазақстан облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (бұрынғы Абай атындағы АПИ).

Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы ғылым мен практиканы жақындастырудағы сан қырлы қызметі бірінші рет ауыл мектебінің базасында жалпы және жоғары мектеп қарым-қатынасының ерекше формасы болып табылатын Абай атындағы АПИ педагогика кафедрасының ғылыми-оқу әдістемелік кешенін ашуға жағдай туғызды. Жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің ынтымақтастығы кезеңі өте жемісті болды, оның нәтижесі ең

жоғары деңгейде орындалған үш докторлық және бірнеше кандидаттық диссертациядан көрініс тапты [21, 182 б].

Осының нәтижесінде шығармашылық топ құрылып, оның құрамына доценттер, аспиранттар, педагогика кафедрасының ізденушілері және мектептің мұғалімдері кірді. Абай атындағы АПИ тарапынан ғылыми-оқу-әдістемелік кешенінің (ҒОӘК) мүшелері мектепке келіп, ғылыми жұмыстар ұйымдастырып, оның барысында ауыл халқымен кездесулер, ауданның ұстаздарымен ғылыми-практикалық семинарлар өткізілді. Ауыл мектебінің базасында бірінші рет, этнопедагогика мәселелері жөнінде Моңғолия өкілдерінің қатысуымен халықаралық конференция ұйымдастырылды [19, 17 б].

1997 жылдың соңында Президент Н.Ә. Назарбаев 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын анықтап, онымен халықты таныстырды. Президент бұл стратегияны болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезіміміздің көрінісі деп бағалады. «Қазақстан - 2030» стратегиясында қоғамның ұзақ мерзімді басым мақсаттары - жеті бағыт бөле көрсетілді. Солардың бірі - Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Бағдарламада Қазақстан мектептерін тұтастай компьютерлендіру қажет делінген. Бұл мақсатқа бүгінгі таңда қол жеткізіп отырмыз. Осыған қарап, Құмаш Нұрғалиевтің болашақты алыстан бағдарлағанын көреміз.

Елбасының қойып отырған талаптарын ол осыдан бірнеше жылдар бұрын іске асыруға ниет еткен жаңашыл ұстаз еді. Ол өзінің авторлық мектебінің тұжырымдамасын біртіндеп жасады. Әрбір тұлғаның белгілі бір өмір сүрген кезеңде, адамзатты аландатқан мәселелер мен қоғамдық өмірде шешуші рөл атқарған қарама-қайшылықтармен тұтас өмір сүретіндігі тарихи шындық. Құмаш Нұрғалиев те осындай тарихи кезең ерекшелігінің аясында қалыптасқан ұстаз-педагог, басшы-ұйымдастырушы еді. Ол өзі өмір сүрген дәуірдің бет-бейнесін ой-елегінен өткізіп, тарихтан тағылым ала отырып, болашаққа қарай бет алған терең де, қарама-қайшылыққа толы идеяларын артында қалдырды..

«Боранды артта қалған ауыл деп есептесе де, біз өзімізді провинциал деп есептемейміз. Мәдениет - ол географиялық ұғым. Біз барлық мүмкін болған құралдармен жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге тырысамыз», - дейтін Қ.Нұрғалиев [30, 3 б].

Құмаш Нұрғалиевтің еңбегі сонда, ол ауылдағы мектепті мәдениет орталығына айналдырды. Білім беру жүйесі басшыларының алдында сөйлеген сөздерінде Құмаш Нұрғалиев мектеп жетекшісінің кәсіби дайындығы мәселесін жиі көтеретін. Жоғары білім беру жүйесінде оларды арнайы дайындау жүзеге асырылмайды, педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілер тек пән мұғалімі мамандығын алып шығады. Ал мектеп директоры – айрықша кәсіп, оның қызметі қатардағы мұғалімге қарағанда кеңірек. Бұл педагогикалық жетекші, әдіскер, психолог, сарапшы, ұйымдастырушы. Қазіргі заманғы тілмен айтқанда, мектеп директоры білім беру менеджері, басқару ғылымын, маркетингті меңгеруі тиіс деп бұл мәселеге баса назар аударатын [21, 167 б].

Жетекші ретінде Құмаш Нұрғалиев өз заманынан әлдеқайда озық тұрғанын, сол кездің өзінде-ақ шын мәнінде өз мектебінің менеджері болғанын мойындау керек. Педагогикалық және бухгалтерлік білімдердің онтайлы үйлесімі оған

жаңа типті оқу орнын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Боран мектебі азғантайлардың қатарында өз бухгалтериясы бар, шаруашылық жүргізуші мекеме болды.

Заманымыздың ұлы ағартушыларынан нәр алған, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, елінің адал перзенті Қ. Нұрғалиевтің 42 жылдық еңбегі бүгінгі ұрпаққа қалған педагогикалық-ұстаздық немесе кәсіби мұрасы. Оның қалдырған кәсіби мұрасы бүгінгі күнде өзектілігін жойған жоқ. Ол бастау салған мектепті ақпараттандыру технологиясы, ғылыми техникалық жаңалықтардан қалдырмау мақсаты бүгінгі күн талабы. Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиевтің бастамасы бүгінде жалғасын табуда. Бір отбасынан қырыққа жуық мұғалім шығу сирек құбылыс. Құмаш Нұрғалиевтің кез-келген баласы қоғамға пайда келтіретін, тиімді іс тындыратын ізденімпаз. Осы педагогикалық әулетте кезінде әке жетпеген арман-мұраттардың жарқын көрінісі егеменді еліміздің білім саласына қосқан, әлі де қоса беретін республикамызға ғана емес, халықаралық деңгейде танымал ұл-қыздарының шығармашылық, педагогикалық еңбектері бүгінде халық игілігіне айналууда. Білім салсындағы ерекше жетістіктері және жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қосқан зор үлесі үшін Талант Құмашұлы Нұрғалиев «Парасат» орденімен марапатталды, қызы Гүл Құмашқызы Нұрғалиева атқарып жүрген қызмет саласында Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Кембридж университетінің «Ғылымға қосқан үлесі» медалімен марапатталса, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру саласына ерекше сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды [21, 289 б.]. Бұл тұрғыда Абылай, Абай әулеттерінің тарихта қандай орны бар екенін ескерсек, Нұрғалиевтер әулетінің де ұлт сана-сезіміне игі әсер етер, ілгері ұмтылуға септігін тигізер тағылымы мол.

Қ. Нұрғалиевтің кәсіби мұрасын зерттеу Қазақстандағы білім беру жүйесін модернизациялауда үлесі зор. Қорыта айтқанда, қазақ халқы үшін кезінде «әрі қазақтың Макаренкосы, әрі Мерьесеві, әрі Сухомлинскийі» атанған Құмаш Нұрғалиевтің кәсіби мұрасы туған елі үшін гуманистік және адамгершілік мұраттарды уағыздаған мұра деп бағалау керек және ол тәуелсіз Қазақстанның мектеп тарихына зор ықпалын тигізген құбылыс болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытынды бөлімде зерттеу жұмысының мазмұнынан туындайтын негізгі ойлар жүйеленіп, тұжырымдар жасалған және Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің Қазақстанның оқу-ағарту саласындағы орны мен рөлі айшықталған. Қ. Нұрғалиевтің қоғамдағы рөлі мен Қазақстанның оқу-ағарту саласына қосқан үлесін былай зерделеп беруімізге болады:

Қ. Нұрғалиев жайлы қалам тартқандардың көбісі оны осы күнге дейін тек мұғалім немесе педагог санатында танып келеді. Шын мәнінде оған қайраткерлік тән. Ол ұстаздық жолына жан-тәнімен берілген ұлттық сананы тәрбиелеуге өз үлесін қосқан зиялы азамат.

Әкімшіл-әміршіл жүйе үстемдік құрған кезде ұлттық мектептердің дамуына толыққанды жағдай жасалмады. Сол жылдардағы тіл саясатына сай қазақ тіліндегі мектептер қысқартылып, қазақ тілі өзінің қоғамда атқаратын функцияларынан айрылып қалды. Соған қарамастан Қ. Нұрғалиев мектептің ісіне мемлекеттік жүйенің әкімшілік өктемдікпен араласуына қатты қарсы болды. Осындай кедергілерге қарсы тұра білген ұстаздың ең басты мақсаты мектептің өмір ағымынан, сол кезде көп айтылатын «ғылыми-техникалық прогресс» талаптарынан артта қалмауын қамтамасыз ету болды. Қ. Нұрғалиевтің мектепті сол заманның озық техникасымен жабдықтауы оқу-ағарту және мектеп тарихындағы тарихи қызметі болып табылады (тұңғыш рет орта білімді ақпараттандыру технологиясын енгізді, оқу үдерісін ақпараттандыру мәселесімен айналысты). Қ. Нұрғалиев 1957-1988 жылдар аралығында авторлық мектеп қалыптастырып, Қазақстанның білім беру жүйесінің өрлеуіне өзіндік үлес қосты.

Қ. Нұрғалиевтің жазған мақалаларын, қолжазбаларын терең зерттеп, ол туралы айтылған, жазылған мақалаларды талдауда аңғарғанымыз ұлттың болашағы мектептен басталатынына терең мән берген. Ол үшін ең бастысы – ұлтына білім беру ең жоғары құндылық, өмірінің мән-мағынасы, халыққа қызмет ету жолындағы шығар биігі болып қалды. Алайда оның таза мұғалімдік еңбегінен өзге - меңнат-машахаты мол, күллі күш-қайратынды беруді талап ететін басшылық-ұйымдастырушылық қызметі де болды. Көптеген кәсіби және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарды. Бірінші топтағы мүгедек адамның осыншама қыруар жүкті қалай көтергеніне, бәріне үлгергендігіне, әрі бәрін өзіне тән ыждақаттылықпен, тамаша талантпен атқарғанына еріксіз қайран қаласыз. Осындай озық еңбегінің арқасында халық мұғалімі, көрнекті ұстаз Құмаш Нұрғалиев біртуар тұлға ретінде халықтың қадір-құрметіне бөленді, ұстаздардың ұстасы атанды.

Қ. Нұрғалиевтің оқу-ағарту, ұлттық мәдениетке қосқан еңбектерін тарих ғылымы тұрғысынан зерттеп келер ұрпаққа қалдырсақ, бұл олардың өзіндік ұлттық қасиеттерін сақтап қалуына әсерін тигізетіні сөзсіз.

Оның бақыты ұстаздығында. КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің есімі Үкіметтің шешімімен Өскемен қаласында №43 орта мектепке және Шығыс гуманитарлық колледжіне берілген. Өзі негізін қалаған Шығыс Қазақстанда Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің көпсалалы орта мектебіндегі оның атымен аталатын мұражай да бар. Ал, оның көзінің тірі кезінде Латыш мемлекетінде Слямпе селосындағы мектепке фашистермен күресте көрсеткен ерлігі үшін қазақ жауынгері Нұрғалиевтің есімі берілген.

Бір адам жаққан отқа мың адам жылыну ол да ұлылық. Оның күрделі өмірі мен қоғамдық қызметі алдағы уақытта да ғылыми тұрғыда зерттелуі тиіс. Осы мақсатта мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1 Қ. Нұрғалиев туралы ғылыми тұрғыдан жазылған зерттеулер негізінде деректі фильм түсірген жөн.

2 Қ. Нұрғалиевтің кәсіби мұрасын зерделеп, оқу үрдісіне енгізу қажет.

3 Болашақ педагогтарды ынталандыру мақсатында педагогикалық институттар мен университеттерде Қ. Нұрғалиевтің атындағы стипендия

тағайындау қажет деп санаймыз.

4 Қ. Нұрғалиевтің мақалаларын, бұрын-соңды жарық көрмеген қолжазбаларын жинақтап, толықтырып барлық еңбектерін шығармалар жинағы және оқу-әдістемелік құрал ретінде шығару.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Әміренов М. Елбасына сыйға тартылған кітап // Дидар. – 2005. – 1 қараша. – 3 б.

2 Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004. – 538 б.

3 Әбжанов Х.М. Шоқан және тұлғатану // Егемен Қазақстан. – 2010. – 22 қазан.

4 Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 395 б.; Джумалиева Л.Т. 1975-1990 жылдардағы қазақ мектептері (даму тарихы мен тағлымы) тарих ғылымдарының кандидат.дисс.автореф. – Алматы, 1997. – 28 б.

5 Абжанов Х. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 190 с.; Кудайбергенов А. Культурное строительство в селе Казахстана в 1961-1985 годах (историка партийный аспект). – Алма-Ата, 1991. – 54 с.; Керимбеков О.К. Повышение образовательного уровня и квалификации сельской молодежи. – Алма-Ата: Мектеп, 1977. – 79 с.

6 Жұмақанов Ж. Өлімнен махаббат күшті // Социалистік Қазақстан. – 1948. – 25 июль. – 4 б.

7 Хромова К. Однополчанин Матросова // Красная звезда. – № 231 (17318). – 1980. – 7 октября. – С. 4.

8 Розанов А. Полчаса и еще много-много лет // Наука и религия. – 1981. – № 2. – С. 11-15.

9 Амирханов С. Школа Нурғалиева // Казахстанская правда. – 1982. – 8 август. – С. 3.

10 Әбүғалиев М. Өнегелі өмір // Социалистік Қазақстан. – 1982. – 26 январь. – 3 б.

11 Мергенов М. Жалақорлар және принципсіз басшылар // Социалистік Қазақстан. – 1956. – 15 ноябрь. – 3 б.

12 Кунаев Д.А. Советский Казахстан. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 239 с.

13 Назарбаева С.А. Путь к себе. – Алматы: Атамұра, 1999. – 96 с.

14 Әлімбаев М. Ардақтымыз атаусыз қалмасын // Жас Алаш. – 2000. – 2 қараша.; Соңыкі. Көп томдық шығармалар жинағы. – 2; 5 том. – Алматы: Қазығұрт, 2006.

15 Советский энциклопедический словарь. Изд. 4. – Москва: Советская энциклопедия, 1986. – 904 с.; Казахская ССР. Краткая энциклопедия. – Т.3. – Алматы, 1989. – 598 с.; Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 7 т. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.

16 Ғабдуллин М. Алтын жұлдыз. – Алматы: Ана-тілі, 2005. – 288 б.

- 17 Әбуғалиев М. Өлімді жеңген өмір. – Алматы: Мектеп, 1984, – 78 б.; Шегендіков М. Құмаштың мектебі. – Алматы: Жалын, 1986. – 112 б.
- 18 Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаева, С.К.Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.; Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – 2 т. – Алматы: Рауан, 1998.; Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы / Құрастырған: Қалиев С., Аюбай К. – 6 т. – Алматы: Сөздік-словарь баспасы, 2009. – 400 б.
- 19 Кульчимбаева Б. Развитие педагогических идей в новаторской деятельности народного учителя СССР Кумаша Нургалиева. Автореф.дисс.канд.пед.наук. – Алма-Ата, – 1996.
- 20 Тоқпатаев У. Менің замандастарым. – Өскемен: [б.и.], 2006. – 440 б.; Елубай О. Алтайым, алтын тамырым. – Алматы: Әл-Фараби, 2000. – 181 б.
- 21 Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы. Педагогикалық әулеті. – Алматы: «МерСал», 2005. – 336 б.
- 22 Бельгер Г. Поклон Устазу // Книголюб. – 2006. – №96. – С. 42-43.; Соңыкі. Поклон Устазу // Современное образование. – 2007. – №2. – С. 85-86.
- 23 Макатова Ж. Повесть о настоящем учителе // Казахстанская правда. – 2005. – 29 октябрь. – С. 3.; Соңыкі. Саға об учителе // Казахстанская правда. – 2010. – 6 мая. – С. 4.
- 24 Мендеке Ә. Өз анамды өз қолыммен бауыздап өлтірдім // Жас Алаш. – 2010. – 13 сәуір. – 4 б.
- 25 Қалиев С.С. Өскеменнің әрі Мересьеві, әрі Сухомолинскийі // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2009. – №1. – 9-11 бб.
- 26 Нұрғалиев Қ. Жанұялық жеке қор.
- 27 Зайсанский районный военный комиссариат, именные списки // ШҚОММ Зайсан бөлімі 284 қ., 2 т., 150 іс, 13 п.
- 28 Текстовый отчет за 1966-1967 учебный год // ШҚОММ Зайсан бөлімі 64 қ., 2 т., 29 а іс, 26 п.
- 29 Документы кандидатов для внесения в «Золотую книгу почета КазССР» из числа работников народного образования за 1967 г // ҚРОММ 1510 қ., 1 т., 57 іс, 46 п.
- 30 Нургалиев К. Ұстаз борышы // Лениншіл жас. – 1955. – 6 март.; Эстафета добра // Правда. – 1978. – 26 июня. – С. 1; Растим детей для счастья // Казахстанская правда, – 1983. – № 203 (19.429). – 1 сентября. – С. 1.; Наш семидесятый учебный год // Учитель Казахстана. – 1987. – №40 (1813). – 1 октября. – С. 1.; Сұңқар бол сен де жас ұрпақ // Қазақстан коммунисті. – 1987. – 11 ноябрь.; Оқу мен еңбекті ұштастырып // Социалистік Қазақстан. – 1973. – 23 ноябрь.
- 31 Кітапбаев Б. Тағылған жеке-дара жұлдыз еді, Алтайдың алтын шекпен жағасында // Дидар. – 2009. – 22 маусым. – 5 б.
- 32 Мадуан С. Қазақ мемлекеттілігінің терең тамырлыры // Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері // Ғылыми бюллетень №2. – Астана, 2009. – 53-57 бб.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ЕҢБЕКТЕР

1 Халық мұғалімі - Қ. Нұрғалиевтің мектеп ісіндегі жаңашылдығы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2007. – № 2. (45) – 218-220 бб.

2 Халық мұғалімі - Қ. Нұрғалиевтің өмір белестері // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2007. – №1. – 38-41 бб.

3 Құмаш Нұрғалиев халықтың ардақты ұлы // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2007. – №2. – 64-68 бб.

4 Қ. Нұрғалиев Ұлы Отан соғысының ардагері және халық мұғалімі // «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстан» атты Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 60 жылдығына арналған облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. – 291-296 бб.

5 Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиев // «Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциялардың материалдары. – Семей, 2006. – 154-155 бб.

6 Көрнекті ұстаз, ірі тәрбиеші Құмаш Нұрғалиев // «Халықаралық келісім: тәжірибе, мәселелер және оны шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен, 2006. – 163-167 бб.

7 Ұлтының тілін, дәстүрін ойлаған Құмаш Нұрғалиев // «Мемлекеттік тілдің ахуалы, проблемалары және оны шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – II-бөлім. – Өскемен, 2006. – 332-337 бб.

8 Жаңашыл ұстаз - Құмаш Нұрғалиев // «Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілікке бағытталып жаңғыруы жағдайында педагогикалық мамандардың кәсіби күзіреттілігін арттыру» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – II-бөлім. – Өскемен, 2006, – 200-201 бб.

9 Қазақстандық патриотизмнің биік үлгісі танылған аты аңызға айналған ұлағатты ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері - Құмаш Нұрғалиұлы // «Ұлы Отан соғысы тарихын зерделеудегі қазіргі көзқарастар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар, 2010. – 57-62 бб.

10 Ұлы Отан соғысының ардагері, ардақты азамат Құмаш Нұрғалиев // «Ұлы Отан соғысы тарихын зерделеудегі қазіргі көзқарастар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар, 2010. – 77-80 бб.

11 Ұстаз, басшы, ұйымдастырушы және Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Нұрғалиев // Мемлекет тарихы. – 2010. – № 1. – 101-107 бб.

РЕЗЮМЕ

автореферата на соискание ученой степени кандидата исторических наук
по специальности 07.00.02 – Отечественная история
(История Республики Казахстан)

Чекетаева Роза Саркытбеккызы ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ НАРОДНОГО УЧИТЕЛЯ КУМАША НУРГАЛИЕВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

В диссертации сделан исторический анализ и исследованы основные этапы жизни и деятельности, профессиональное наследие Народного учителя СССР Кумаша Нурғалиева, его вклад в структуру образования Казахстана.

Актуальность темы. До настоящего времени жизнь и деятельность Кумаша Нурғалиева не была объектом комплексного и системного научного исследования. Изучение общественно-просветительской, педагогической деятельности К. Нурғалиева позволяет определить его роль и место в общественной жизни Казахстана в XX веке. Полная картина его мировоззрения и профессиональное наследие остается пока не раскрытой и в этом заключается актуальность предпринятого исторического исследования.

Цель и задачи исследования. Основная цель исследования – на основе конкретных исторических материалов осмыслить педагогическую практику, мировоззрение, жизненную позицию педагога с точки зрения исторической науки и дать объективную оценку общественно-просветительской, педагогической деятельности Народного учителя К. Нурғалиева. Для достижения поставленной цели определены следующие задачи:

- ввести в научный оборот исторические источники и систематизировать историографию по данной теме;
- основываясь на достижениях сегодняшней исторической науки, выразить свою точку зрения относительно узловых, актуальных проблем темы;
- ввести в научный оборот ранее не видевшие свет источники, раскрывающие новые стороны развития педагогического мастерства К. Нурғалиева;
- рассматривая в тесной связи развитие народного образования Казахстана того времени с периодом руководства школой К. Нурғалиевым, обосновать роль педагога-новатора, предложившего альтернативные пути развития школьного образования;
- попытаться объективно раскрыть значение деятельности, профессионального наследия К. Нурғалиева и его заслуги перед народом;
- обосновать положительные результаты его взглядов относительно изменения методологии образования и практики информатизации школы;
- с исторической позиции комплексно исследовать вклад Народного учителя К. Нурғалиева в развитие школьного образования.

Источниковая база. В работе привлечены документы из Центрального Государственного архива Республики Казахстан, государственного архива

Восточно-Казахстанской области и его Зайсанского филиала, личного архива К. Нургалиева, материалы периодической печати, письма и воспоминания современников и родных.

Методология исследования. В целях раскрытия поставленных проблем за основу были взяты основные методологические принципы: историзма, объективизма. В исследовании использовались общенаучные методы анализа и обобщения, систематизации, сравнения, сопоставления и другие.

Научная новизна диссертационной работы. Тема диссертации впервые рассматривается в качестве предмета исследования науки отечественной истории. Впервые в отечественной истории последовательно и комплексно рассматриваются роль и значение его деятельности в сфере образования на основе архивных материалов и воспоминаний очевидцев. Всесторонне исследована история династии педагогов Нургалиевых.

Основные положения, выносимые на защиту:

- на формирование К. Нургалиева как выдающегося учителя оказали влияние общественные условия, политическая обстановка того времени, а также творческая атмосфера в образовательной системе страны;
- педагогическая и организаторская деятельность К. Нургалиева позволила поднять его статус до выдающейся личности;
- К. Нургалиев сформировал авторскую школу и подготовил талантливых и квалифицированных учеников;
- деятельность и роль К. Нургалиева имеет особое значение в развитии сельских школ;
- К. Нургалиев впервые в истории школ Казахстана создал школьный телевизионно-технический центр и оснастил школу компьютерами, таким образом, сформировав школу XXI века;
- впервые на базе сельской школы педагог-новатор создал условия для открытия научного учебно-методического комплекса педагогической кафедры КазНПУ имени Абая как особой формы взаимоотношений средних и высших учебных заведений.

Практическая значимость работы. Материалы исследовательской работы можно использовать в специальных курсах по Истории Казахстана. Концепции и результаты биографического исследования можно использовать в виде дополнительного материала к лекционным и семинарским занятиям на исторических и педагогических факультетах, а также исследованиям о жизни и деятельности, педагогическом наследии деятельности деятельности Народного учителя СССР Кумаша Нургалиева.

Структура диссертационного исследования. Диссертация состоит из введения, двух частей, заключения, списка использованных источников и приложения.

SUMMARY

of the thesis submitted for conferring the scholarly degree “*Candidate of Historical Sciences*” Specialization 07.00.02 – *National history*
(the Republic of Kazakhstan History)

Roza Cheketayeva Sarkitbekkizi

ACTIVITY AND PROFESSIONAL HERITAGE OF PUBLIC TEACHER KUMASH NURGALIEV: HISTORICAL ANALYSIS

Dissertation under consideration focuses on the main periods of life and activity of the prominent Public teacher of the USSR K. Nurgaliev and his contribution in the structure of Kazakhstan education.

The topicality of the research. The life and activity of Kurmash Nurgaliev was not in focus of all-embracing and systematic scientific research till the present time. The scientific study of Kurmash Nurgaliev social and pedagogical creative activity gives us the possibility to define his role and place in the social life of Kazakhstan in the XX-th century.

Historical viewpoints of K. Nurgaliev and his world outlook are not explored fully and that is why this subject of search is topical.

The research objective is comprehensive investigation and estimation of Public teacher K. Nurgaliev's linked social and instructive pedagogical practice, philosophy, living position from the point of historical view. Our mission follows from these problems:

- to bring into the scientific use the historical sources concerning the theme, to systematize the historiography, to give scientific analyze;
- leaning against achievements of a today's historical science to express the point of view into the account of the most actual aspects of an investigated theme;
- to bring in the scientific use the new complex of sources which help to introduce with the new aspects of school education development;
- to elicit the facts which will help to show the new aspects in development of schools of that time by K. Nurgaliev;
- to prove that K. Nurgaliev school management offered alternative ways of developing the system of the Republic of Kazakhstan school education;
- to reveal objectively K. Nurgaliev's activity and professional legacy and make its historical analysis;
- to study in a complex his contribution to school development and to show the role and place of K. Nurgaliev in the history of our country.

The sources. The documents of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (RK), the State Archive of the East Kazakhstan oblast, K. Nurgaliev's personal archive, periodical materials, letters and memories of his contemporaries and relatives are used in the work.

The methodological basis of the research makes principles of a historicism and scientific objectivity, systematic and toolkit as the traditional approach to the research. To reveal the problems the main methodological principles as objectiveness and

historicism closely connected with dialectical methods of research were taken. In the research the methods of comprehension of concrete and factual materials, analysis, summarizing, systematization, comparison and were used.

The scientific novelty of the research. The dissertation theme is considered for the first time as an object of research of a science of National history. For the first time in National history the role and value of its service in an education sphere on the basis of archival materials and memoirs of eyewitnesses consistently in a complex considered. In the dissertation socially-educational activity, a pedagogical heritage of the National teacher of the USSR K.Nurgaliev is comprehensively analysed. The history of a dynasty of teachers of Nurgaliev is comprehensively investigated.

The main provisions to protection:

- the society, the political situation and creative atmosphere in the educational system of that time had an influence on K. Nurgaliev's formation as the teacher;
- the special value and K.Nurgaliev's role in development of schools in villages and settlements;
- K. Nurgaliev has generated the author's school, prepared the qualified teachers of a society;
- the important role in preparation of the qualified and specialised shots in different branches among the population high school "Boran" as the school became the centre of culture and education among local population has played;
- its appeal to the people to respect of the language, inoculation to young generation of national spirit and education, its understanding of that that the future of the Kazakh schools can sink into a non-existence has impulsed also the advantage in due time;
- K. Nurgaliev for the first time in history schools of our republic has entered computer classes, the school technical-television centre, using technics of time was engaged in information of educational process;

In conclusion, the main positions of dissertational research have added each other, and having passed them through new edges of reflexion K. Nurgaliev's public heritage has been revealed.

The practical significance of the work in its conclusions and generalizations which can be used in teaching the history of Kazakhstan and other separate courses. They produce the interest of teachers and researches, who want to research the historical fundamentals of education and development of Kumach Nurgaliev's life.

The work structure. The dissertation consists of the introduction, three heads and six paragraphs, the conclusion, the list of the used sources, the reduced words, and also the list of basic terms.

ЧЕКЕТАЕВА РОЗА САРКЫТБЕККЫЗЫ

**Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің қызметі мен кәсіби мұрасы:
тарихи талдау**

07.00.02 - Отан тарихы
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Басуға 09.11.2010 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі «Таймс».
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 1,5. Таралымы 100 дана.
Тапсырыс № 204

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.
Астана қ., Қажымұқан к., 13.